

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында  
сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша 2024 жылы өткізілген  
іс-шаралар туралы есеп**

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Қоғам) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша 2024 жылы мынадай іс-шаралар өткізілді:

- жұмыс тобы «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғам Басқармасы төрағасының міндетін атқарушысының 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 27 бұйрығына сәйкес Қоғам қызметіндегі 2023 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді;

- 2024 жылғы 7 ақпанда Қоғамның корпоративтік сайтында «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есеп орналастырылды;

- 2024 жылғы 22 ақпанда Қоғамның корпоративтік сайтында «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері жөніндегі талдамалық анықтама орналастырылды;

- Қоғамның Басқарма төрағасының 2024 жылғы 23 ақпандағы № 41 бұйрығымен 2024 жылғы 26 ақпанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылған «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы іс-шаралар жоспары бекітілді;

- Қоғамның Басқарма төрағасының 2024 жылғы 27 ақпандағы № 46 бұйрығымен «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі және сыртқы факторларының талдамасы бекітілді;

- Қоғам Басқармасының 2024 жылғы 1 наурыздағы шешімімен (№8 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің 2024 жылға арналған тізілімі және «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің 2024 жылға арналған мақсаттары бекітілді;

- 2024 жылдың сәуір айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде бейнекурс түсірілді;

- «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің 2024 жылға арналған ішкі аудиторлар тобын құру туралы» Қоғамның Басқарма төрағасының міндетін атқарушысының 2024 жылғы 24 мамырдағы № 96 бұйрығына сәйкес, Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудиті

ұйымдастырылды және өткізілді;

- Қоғам Басқармасы тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне талдау жүргізу қамтамасыз етілді (2024 жылғы 6 маусымдағы хаттама);

- Қоғам Басқармасының 2024 жылғы 18 маусымдағы шешімімен (№21 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудиті жөнінде есеп бекітілді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы жадынамалар әзірленіп, 2024 жылғы 27 маусымда Қоғам қызметкерлерінің жұмыс станцияларының бұғаттау экранына шығарылды;

- Қоғамның Басқарма төрағасының 2024 жылғы 19 шілдедегі № 128 бұйрығымен «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудитінің нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарын орындаудың 2024 жылға арналған жоспары бекітілді;

- 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қоғамның корпоративтік сайтында «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары жөнінде енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат орналастырылды;

- Қоғамның Директорлар кеңесі тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне талдау жүргізу қамтамасыз етілді (2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 11 хаттама);

- 2024 жылғы қарашада Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растау бойынша іс-шаралар өткізілді. CERT International сертификаттау жөніндегі халықаралық орган жүргізген байқау аудитінің қорытындысы бойынша Қоғам 2024 жылғы 28 қарашада сәйкестік сертификатын алды;

- 2024 жылға арналған № 4 үлгілік базалық бағытты «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» іске асыру шеңберінде тоқсан сайын/ай сайын Қоғамның Жалғыз акционері белгілеген есептілік ұсынылды;

- «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудитінің нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарын орындау жөніндегі жоспардың, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің 2023 жылға арналған тізілімінде және «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің 2023 жылға арналған мақсаттарында көзделген іс-шаралардың, сонымен қатар «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудитінің нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарын орындаудың 2024 жылға арналған жоспарының, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің 2024 жылға арналған тізілімінде және «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің 2024 жылға арналған мақсаттарында көзделген іс-шаралардың орындалуына тоқсан сайын/ай сайын мониторинг жүргізілді;

- 2024 жыл ішінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша уәкілетті органымен тұрақты өзара іс-қимыл жасалды және олардың сұрау салуларына ақпарат беріліп отырды;

- ақпараттық-түсіндіру іс-шаралар жүргізу мақсатында:

- Битрикс24 ішкі корпоративтік порталында Қоғам қызметкерлері үшін 3 ақпараттық хабарлама орналастырылды;

- комплаенс-менеджер Қоғамның жұмысқа қабылданған қызметкерлері үшін бейімдеу іс-шаралары шеңберінде, Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 17 сәуірдегі шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бойынша 2 таныстыру оқытуын өткізді;

- 2024 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Превенция қызметінің офицерін тарта отырып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» тақырыбында оқыту семинары өткізіліп, қорытындысы бойынша Қоғамның корпоративтік сайтының «Жаңалықтар» бөлімінде тиісті ақпарат ([ecc.kz/ru/post/seminar-anti-corruption-policy](http://ecc.kz/ru/post/seminar-anti-corruption-policy)) орналастырылды;

- Комплаенс қызметі 2024 жылғы 23-25 қыркүйек аралығында Қоғамның Ақпараттық қауіпсіздік департаментімен бірлесіп Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ дербес, құпия деректерді қорғау және оларды қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқыту өткізді;

- Қоғамның Комплаенс қызметі талдау және тиімділікті одан әрі арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ дербес, құпия деректер және оларды қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қоғам қызметкерлеріне тестілеу өткізді;

- Қоғамның Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет комплаенсі түсінігін жақсарту дәрежесін бағалау мақсатында Қоғам қызметкерлері арасында 2 сауалнама жүргізіп, қорытындысы бойынша одан әрі жақсарту үшін салалар белгіленді және тиісті іс-шаралар әзірленді.

Сонымен қатар, Қоғамның комплаенс-менеджері/Комплаенс қызметі 2024 жыл ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеушілік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық практиканы қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды тиімді іске асыру, сондай-ақ Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша тұрақты жұмыстар жүргізді.

**Комплаенс-менеджер**

**Ш. Тұраш**